

## **1. №4 Семинар сабағының тақырыбы. Сталиндік режимнің шаруаларды қудалау саясаты**

### **2. Сабақтың мазмұны**

1. И.В.Сталин - тарихи тұлға ретінде өмірбаяны және сталинизм билік жүйесінің мәні.
2. XX ғ. 20-30 жылдарындағы Қазақстандағы саяси қуғын-сүргін.
3. Қазақстандағы Сталиндік саяси қуғын-сүргіннің салдары.

**3. Сабақтың мақсаты мен міндеттері:** Сталиндік қуғын-сүргіннің зорлық зомбылығымен таныса отырып, курс мазмұнын игереді және кез келген проблемалық мәселелерге теориялық талдау жасай алу қабілетін арттыру. Ғылыми зерттеулер арқылы ортаға шыққан деректерді анықтап жаңа бағыттарды көрсету арқылы өзіндік көзқарасын, ой-пікірін дәлелді жеткізу.

**4. Техникалық және инструментальдық құралдары:** интерактивті тақта, плакаттар, проектор сызба-кестелер.

**5. Сабақтарды өткізу тәртібі:** 1937-1938 жылдардағы зиялыларға қарсы жүргізілген жаппай жазалау саясатына және әкімшіл-әміршіл жүйенің орнығуына байланысты олардың көбісінің есімін ауызға алудың өзі мүмкін болмады. Сталиндік репрессияның 20- 50 - ші жылдардағы туындайтын тұжырымдар жүйеленіп, тақырып игерудің тағылымдық жақтары сөз болды.

Қазақ зиялыларына қарсы бағытталған Сталиндік қуғын - сүргін қоғамда ауыр із қалдырды. 30-шы жылдары салынған лагерьлер жүйесі 50-шы жылдары да саяси қылмыскерлерге толы болды. «Буржуазиялық ұлтшыл», «космополитшыл» ретінде айыпталғандардың кейбіреулері, бас бостандығынан айырылып лагерьлерге айдалса, басқалары қызметтерінен төмендетілді немесе қуылды.

Осы кезеңдегі ел қамын ойлаған зиялылар талай тар жол, тайғақ кешулерді, қуғын-сүргін ауыр азапты бастарынан өткізді.

Сталиннің жендеті Ф.И.Голощекиннің қазақ халқына көрсеткен зорлық - зомбылығы тоталитарлық қуғын - сүргінді бастап берді және де Голощекиннің тікелей басшылығымен өткізілген Кіші Қазан төңкерісі қазақ халқының 2 млн. 340 мың адамын жер жастандырды.

Сталиннің зорлық-зомбылықты Қазақстанға күштеп көшіріліп әкелінген өзге халықтар да шекті. Мұның өзі әсіресе қазақ зиялыларын жалтақ, жасқаншақ екі жүзді етіп қалыптастырудың жаңа кезеңіне апарды. Бұрын халық игілігі үшін қызмет етуді мақсат тұтқан Ә.Бөкейханов бастаған интеллигенттердің орнын енді партияға ғана қызмет етуді ойлайтын интеллигенция тобы басты.

Қазақ Өлкелік Партия Комитетінің басшысы Ф.Голощекин 1926 жылы 25-30 қарашада болып өткен Қазақ Өлкелік Комитетінің Пленумында С.Қожановты, С.Сәдәуқасовты Ж.Мыңбаевтарды «Ұлтшыл уклонистер» деп қаралады. Ал, «оңшыл» қуғындау науқаны басталған

кезде осы ұлтшыл уклонистер атанған ұлттық интеллигенция өкілдер мен оның пікірлестері қуғын – сүргін ұшырады. Яғни «оңшыл» ағым Қазақстан жайында қолдан жасалды. Ф.Голощекиннің және оның жанындағы сыбайластарынан қазақтың ұлтжанды азаматтарына берген саяси бағасының көп жылдар бойы ақиқаты айтылмай, ол бұрмаланып түсіндіріліп келді. 30 жылдардан бастап қоғамдық пәндерде И.Сталин және оның пікірлестерінің жеке басына табынушылық мықтап нығайды. Қоғамтану ғылымдары ақиқатты іздеудің орнына, осы «көсемдерді» мадақтаумен айналысты. Қоғамдағы «Сталиндік төңкеріс» шаруашылық саласында капиталистік қатынастарды бір жола жойды ал идеология саласында қоғамдағы оқшау ойлаудың қандайы болса да тыйым салды. Кеңес үкіметінің бұл саясаты әміршілдік жүйенің мықтап орнығуына жол ашты.

XX ғ 20-30 жылдарындағы қаулы - қарарларында, осы кезеңде шығып тұратын мерзімді баспа сөз беттерінде әртүрлі «шылдықтар» түп деректік материалдарда зерттеу нәтижесінде Ф.И.Голощекиннің қазақ зиялыларына «Сәдәуқасовшылдық», «Қожановшылдық», Рысқұлдовшылдық» т.б. «шылдықтар» атын тағуы, оның ұлттық билік басындағы бетке ұстар зиялыларды қуғындау үшін ойлап тапқан амалы екендігіне көз жеткіземіз. Сондай – ақ осы тұстағы баспа сөз бетіндегі көптеген авторлардың мақалаларындағы пайымдаулары нақтылы құжаттар емес, оларды ойдан шығарған жасанды тұжырымдары Ф.И.Голощекин және оның төңірегіне топтасқан партия белсенділерінің ойлап тауып, жікшілдік ауруын жасанды түрде қоздырудағы мақсаты: Ұлт зиялыларының жалпы ұлттық позицияларын әлсірету әрекеті болатын.

#### **6. Деңгейлік тапсырмалар:**

1. И.В. Сталиннің Кеңес Одағында жүргізген саясатын түсіндіріңіз.
2. XX ғ. 20-30 жылдарындағы Қазақстандағы саяси қуғын сүргіннің мәнін ашыңыз.

#### **7. МӨЖ және ОБМӨЖ тапсырмалары:**

1. Сталиннің Қазақстандағы саяси қуғын-сүргін тарихы.
2. Қазақстандағы саяси қуғын сүргіннің зардаптары.

#### **Пайдаланылатын әдебиеттер:**

1. Шоқай М. Таңдамалы. – Алматы: Қайнар, 1999. Т. 1. – 521 б.
2. Нұрпейісов К. Алаш һәм Алашорда. – Алматы: Ататек, 1995. – 256 б.
3. Қозыбаев М. Ақтаңдақтар ақиқаты. – Алматы: Қазақ университеті, 1992. – 272 б.;
4. Историография Казахстана: уроки истории, - Алма –Ата: Рауан, 1990. – 136 с.;
5. Историческая наука Казахстана (40-80-е годы XX века). – Алма-Ата: Қазақ университеті, 1992. – 143 с.

6. Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. – Алматы: Санат, 1995. – 368 б.
7. Политические репрессии в Казахстане в 1937-1938 гг. Сб. Док./Отв. Ред. Л. Дегитаева. А., 1998. – 336 с.
8. Мұстафин Б. Геноцид ақиқаты // Қазақ әдебиеті. – 1997.- 27.05
9. Жораева Г.Т. Алаш зиялыларының тарихы мен тағдыры (XIX ғасырдың соңы - XX ғасырдың I жартысы): Оқу құралы. - Шымкент: «Нұрлы Бейне» баспасы, 2024. -180 бет.